

**2021-2022 оқу жылындағы С.оразалин атындағы ЖОББМ
«Алақай» балалар театр үйірмесінің жетекшісі
Сағынтаева Гүлсезім Айтқалиқызының жылдық талдамасы**

«Балалар және театр» агартушылық жобасы аясында мектеп жанынан құрылған «Алақай» балалар театр үйірмесі өз жұмысын жылдық жоспарға сай жүргізді. Үйірме құрамына бастауыш сыйып пен орта буын оқушылары арасынан 15 оқушы қамтылды. Үйірменің алғашқы отырысында жылдық жоспар таныстырылды.

«Балалар және театр» агартушылық жобасының жоспарына сәйкес, балалар өміріндегі театрдың маңызын айқындау мақсатында үйірме қатысушылары арасында «Татр- бала көзімен» тақырыбында эссе байқауы өтті. Байқауга орта буын үйірме мүшелерінен 8 оқушы қатысып, нәтижесінде үздік 4 оқушының жұмысы жүлделі орындармен марапатталды. Облыстық кезеңінен Төлеубайқызы Карима жүлделі 3 орын иеленді.

С.Оразалин атындағы ЖОББ мектебінде жоспарға сәйкес Тәуелсіздіктің 30 жылдық мерекесіне орай "Алақай" балалар театрының үйымдастыруымен «Тәуелсіздік таны атты» ұранымен желтоқсан оқиғасына шолу жасалып, сахналық қойылымдар қойылды. Оразалин атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2022 жылғы 1-11 ақпан аралығында өткізілетін "Өзін-өзі тану: Сүйіспеншілік пен шығармашылық педагогикасы" онқұндігіне орай тоғызынышы ақпан күні «Алақай» балалар театры «Мейірімді қыз» атты тақырыбында қойылымын қойды.

Аудандық "Замандас" халықтық театрының үйымдастыруымен ақпан айының 21-22-ші жүлдізы аралығында "Сахнадан сәлем" аудандық театрлар арасында фестиваль-байқауы өтті. Фестивальге С. Оразалин атындағы ЖОББ мектебі жанынан құрылған "Жас талант" (Алақай) театры мәуліттен үзінді "Мейірімді қыз" қойылымын сомдау арқылы өз өнерлерін ортага салды. Біздің театр ұжымы 12 аудандық театрлар арасындағы тартисты додада алдыңғы қатардан көрініп, "Үміт" номинациясын, "Үміт" кубогы мен 15 мың теңгелік сертификатты жеңіп алды. Аудан әкімінің "Алғыс хатымен" марапатталды. Театр актерлары: Асқаров Бауыржан, Қасымов Мұхамедияр, Кәрібаева Назым, Рамазанова Сабина. Театры жетекшісі: Сағынтаева Г. А.

С.Оразалин атындағы ЖОББ мектепте «Балалар және театр» жобасы аясында құрылған «Алақай» балалар театры наурыз айының жоспарына сәйкес «Салт-дәстүр тәрбие негізі» атты тақырыпта қойылым қойды.

Ағмадың жылдың жоспарына сай «Алақай» театр үйірмесінің 11.04-15.04 аралығында «Театр-ғажайып әлем» атты апталығы өткізілді. Апталық барысында «Театрлық шеберхана» вайндар байқауы, «Театр-сүйікті әлемім» сурет көрмесі, «Театрдың ғажайып әлеміне саяхат» ертегілер байқауы, «Балаларға қуаныш сыйлаймыз» үйірме оқушыларының ертегілер сахналауы, «Театр отбасында» театр мүшелерінің қойылымдарды сахналауы секілді түрлі іс шаралар өтті.

«Ұлы жеңіс жасасын»

«Мейірім әлемді құткарады» «Тәуелсіздікке 30 жыл»



«Театр-балалар көзімен»

«Ұлыстың ұлы күні» «Отбасы құндыштықтары»



«Салт-дәстүр - тәрбие негізі»

«Сахнадан сәлем» байқауы

«Мейірімді қыз»



«Театр-гажайып әлем»

